

Атырау мұнай өңдеу зауытын жаңғырту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 сәуірдегі N 290 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Гурьев мұнай өңдеу зауытын жаңғырту туралы" 1991 жылғы 31 қазандағы N 663 қаулысын дамыту мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігі, "Қазақстанмұнайгаз" ұлттық мұнай компаниясы және Атырау мұнай өңдеу зауыты "Ронар Сервисиз Лимитед" және "Гидрокарбон Инжиниринг" фирмаларымен бірлесіп, Атырау мұнай зауытын жаңғырту жобасының техникалық бөлігін толық дайын ету шарттары негізінде алдын ала жұмыс жүргізгені еске алынсын.

2. Атырау мұнай өңдеу зауыты жобалау және технологиялық қондырғыларды салу жөніндегі тапсырыс беруші болып анықталып, оған жобаны сараптау қорытындысы негізінде шетел фирмаларымен шартқа қол қою құқығы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Энергетика және отын ресурстары министрлігі жобаның техникалық, қаржылық және заңдық сараптауы жасалуын жүргізсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі зауытты жаңғыртуға қажетті мөлшерде кредит тартылуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі Атырау мұнай өңдеу зауытының өткізу үшін 1993-1997 жылдары жыл сайын экспортқа беріп тұратын мұнай өнімдерінің мөлшері қосымшаға сәйкес бөлінуін көздейтін болсын. Экспорттық жөнелтілімнен түскен валюталық қаржы, кеден баж салығын төлегеннен және осы қаржының бір бөлігін Қазақстан Республикасы Президентінің "1993 жылы Қазақстан Республикасында валюта қорларын қалыптастыру туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1092 қаулысына сәйкес сатқаннан кейінгісін алғашқы аванс жарналарын және алған кредиттің процентін, комиссиялық және сақтандыру алымдарын өтеуге пайдалансын.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің келісуі бойынша Атырау мұнай өңдеу зауытына 1993-1997 жылдары экспортқа сатылатын мұнай өнімдеріне лицензия берсін.

7. Зауытты жаңғыртудың бірінші кезегі пайдалануға берілген соң Атырау мұнай өңдеу зауытына кредитті және леспе шығындарды толық өтеу үшін жыл сайын мұнай өнімі өсімінің 50 процентін экспортқа сатуға рұқсат етілсін.

8. Осы қаулыда көзделген жұмыстарды орындауға қажетті мәшинелерді, жабдықтарды, конструкцияларды, материалдарды және басқа бұйымдарды белгіленген тәртіппен келісілген тізбе бойынша Қазақстан Республикасына баж салығынсыз әкелуге және кейін алып кетуге рұқсат етілсін.

9. Батыс Қазақстан темір жол басқармасы 1993 жылдан бастап Атырау мұнай өңдеу зауытын жаңғыртуға арналған құрылыс материалдарын, жабдықтарды, конструкцияларды, мәшинелер мен механизмдерді тасымалдау үшін вагондар бөлінуін қамтамасыз етсін.

10. Зауытты жаңғырту жобасының жүзеге асырылуын, өндіріс қуаттарының уақтылы іске қосылуын бақылау "Қазақстанмұнайгаз" ұлттық мұнай компаниясына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 9 сәуірдегі
N 290 қаулысына

Қосымша

**Атырау мұнай өңдеу зауытының өткізу үшін
1993-1997 жылдары экспортқа жыл сайын
беріп тұратын мұнай өнімдерінің мөлшері**

Мұнай өнімінің атауы	! Өлшем бірлігі !	! Саны !
Дизель отыны	мың тонна	200
М а з у т	"	4 0 0
Вакуумдық газойль	"	250
Пештің отыны	"	50

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК